

Қазақстан Республикасында халықаралық автомобиль тасымалдарын жүзеге асыру кезіндегі тахографтарды қолданудың ережелерін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрі 2000 жылғы 3 қарашадағы N 437-І бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2000 жылғы 2 желтоқсанда N 1317 тіркелді. Күші жойылды - ҚР Көлік және коммуникациялар министрінің 2004 жылғы 19 қаңтардағы N 16-І (V042708) бұйрығымен.

Автомобиль көлігімен жолаушылар мен жүктөрді халықаралық тасымалдау қауіпсіздігін арттыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасында халықаралық автомобиль тасымалдарын жүзеге асыру кезіндегі тахографтарды қолданудың **бекітілсін**.

2. Көліктік бақылау комитеті (Е.Ш.Қалқабаев) Ережелерді мемлекеттік тіркеу үшін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне ұсынылуын қамтамасыз **естесін**.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Көлік және коммуникациялар вице-Министрі **Ә.Қ.Құсайыновқа** жүктелсін.

4. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

Министр

Қазақстан Республикасы
Көлік және коммуникациялар
министрінің
2000 жылғы 3 қарашадағы
N 437-І бұйрығымен
бекітілген

Қазақстан Республикасында халықаралық автомобиль тасымалдарын жүзеге асыру кезіндегі тахографтарды қолданудың ережелері

1. Жалпы ережелері

1. Қазақстан Республикасында халықаралық автомобиль тасымалдарын жүзеге асыру кезіндегі тахографтарды қолданудың осы ережелері (бұдан әрі - Ережелер) Халықаралық автомобиль тасымалдарын жүзеге асыратын көлік құралдары экипаждарының жұмысына қатысты Европалық келісімге (бұдан әрі -

ЕКК) сәйкес әзірленген және Қазақстан Республикасының аумағында халықаралық автомобиль тасымалдарын жүзеге асыратын, Қазақстан Республикасында тіркелген автокөлік құралдарында тахографтарды қолданудың жалпы тәртібі мен шарттарын белгілейді.

2. Ережелерде мынадай негізгі түсініктер пайдаланылады:

1) тахограф - автокөлік құралының жүрген жолы мен қозғалыс жылдамдығы, жүргізушінің еңбек және демалыс уақыты туралы мәліметтерді арнайы диаграмды дискілер бұдан әрі диаграмды дискілер немесе тіркеу парактарында автоматты немесе жартылай автоматты режимде үздіксіз тіркеу мақсатында автокөлік құралдарына орнатылуға арналған бақылау құрылғысы;

2) диаграмды дискі - бақылау құрылғысына енгізілетін және тіркелуге жататын ақпаратты үздіксіз жазу мен сақтауға арналған дискі;

3) түгендеу - мемлекеттік метрологиялық бақылау жүргізу;

4) халықаралық автомобиль тасымалдары - ең кемінде бір шекараны кесіп өтетін кез келген автомобиль тасымалдары;

5) автокөлік құралдары - автобус, жук автомобильдері, сондай-ақ тіркемелер мен жартылай тіркемелерді қоса алғандағы автокөлік құралдарының кез келген құрамын қоса алғандағы автомобиль көлігінің жылжымалы құрамы;

6) тасымалдаушы - меншік құқында немесе басқа да құқықтық негіздерде бір немесе бірнеше автокөлік құралдарын иеленуші және жолаушылар, жолаушы жүгі мен жүктөрді тасымалдау бойынша қызмет көрсететін жеке немесе заңды тұлға;

7) жүргізуші - автокөлік құралын басқаратын немесе автокөлік құралында қажет болған кезде оны басқару үшін орналасқан тұлға;

8) басқарудың күнделікті ұзақтығы - күнделікті демалыстың кез келген екі кезеңі немесе күнделікті және апталық демалыс кезеңдері арасындағы басқару зақтығы;

9) апта - дүйсенбінің 00.00 сағатынан жексенбінің 24.00 сағатына дейінгі уақыт мерзімі;

10) демалыс - жүргізуші өз уақытын еркін пайдалана алатын, ұзақтығы бір сағаттан кем емес, кез келген үздіксіз кезең;

11) доңғалақтардың шиналарының тиімді шеңбері - сынақтың қалыпты жағдайларында автокөлік құралының бірнеше жетекші доңғалақтарының журіп еткен қашықтығының орташа мәні.

2. Қолдану аумағы

3. ЕКК-ге қатысушы мемлекеттің аумағында тіркелген автокөлік құралдары Қазақстан Республикасының аумағы бойынша халықаралық автомобиль тасымалдарын жүзеге асырған кезде, мемлекеттердің құзыретті органдары керісінше келіспеген жағдайда, тахографтармен жабдықтауға тиісті.

4. ЕКК-ге қатыспаушы мемлекеттің аумағында тіркелген автокөлік құралдары Қазақстан Республикасының аумағы бойынша халықаралық автомобиль тасымалдарын жүзеге асырған кезде осы автокөлік құралдары жүргізушілерінің еңбек және демалыс режимінің күнделікті тіркеу парақтарын толтыруға рұқсат беріледі.

5. Қазақстан Республикасының аумағына халықаралық автомобиль тасымалдарын жүзеге асыратын, тахографпен немесе жүргізушілері еңбек және демалыс режимінің күнделікті тіркеу парақтарын толтырмаған автокөлік құралдарына кіруге тыйым салынады.

6. Ереженің күші мыналарға тарамайды:

1) жүктерді тасымалдауға арналған, тіркемелер мен жартылай тіркемелердің салмағын қоса алғандағы рұқсат етілген ең жоғары салмағы 3,5 тоннадан аспайтын автокөлік құралдары;

2) жолаушыларды тасымалдауға арналған және өз құрылышы мен жабдықталуына байланысты, жүргізушімен қоса алғанда тоғыз адамды тасымалдай алатын және осы мақсатқа арналған автокөлік құралдары;

3) ұзындығы 50 км-ден аспайтын тұрақты желілерде жолаушыларды тасымалдауға арналған автокөлік құралдары;

4) рұқсат етілген ең жоғары жылдамдығы 30 км-ден аспайтын автокөлік құралдары;

5) қарулы күштер, азаматтық қорғаныс органдары, өрт сөндіру қызметі мен қоғамдық тәртіпті демеу күштерінің автокөлік құралдары;

6) канализация, су тасқынынан қорғау қызметтері, су, газ және электрмен қамтамасыз ету, жолдарға техникалық қызмет көрсету мен жөндеу үшін, қалдықтарды жинау мен жою үшін, телеграф пен телефон қызметтерімен, пошталық жөнелтілудерді тасымалдау үшін, радио және теледидарлық таратқыштар мен қабылдағыштарды анықтау үшін пайдаланылатын автокөлік құралдары;

7) төтенше жағдайлар мен құтқару операциялары кезінде пайдаланылатын автокөлік құралдары;

8) медициналық мақсаттарда пайдаланылатын арнайы автокөлік құралдары;

9) цирктик немесе жәрменкелік жабдықтарды тасымалдайтын автокөлік құралдары;

10) арнайы апатты автокөлік құралдары;

11) техниканы жетілдіру, жөндеу немесе қызмет көрсету мақсатында жол сынақтарынан өтіп жатқан және пайдалануға жіберілмеген, жаңа немесе қайта жабдықталған автокөлік құралдары;

12) жүктерді коммерциялық емес тасымалдау үшін пайдаланатын жеке пайдаланудағы автокөлік құралдары;

13) фермаларда сүтті жинау және сүт ыдыстары мен малды азықтандыру үшін арналған сүт тағамдарын фермаға қайта әкелу үшін пайдаланатын автокөлік құралдары .

7. Қазақстан Республикасында автокөлік құралдарында қолданылатын тахографтар Халықаралық автомобиль тасымалдарын жүзеге асыратын көлік құралдары экипаждарының жұмысына қатысты Европалық келісімінің (ЕКК) талаптарына сәйкес болуға тиісті және заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасында тахографтарды қолдануға рұқсат беретін өлшеу құралы тұрпатын бекіту туралы сертификат, сондай-ақ, олардың мемлекеттік метрологиялық тексеруден (түгендеуден) өткен немесе түгендеу белгісі туралы құші бар күнделікке ие болуы тиіс.

8. Шетелдік автокөлік құралдарында қолданылатын тахографтар, олар Қазақстан Республикасының аумағы бойынша тасымалдарды жүзеге асырған уақытта ЕКК-нің талаптарына сәйкес болуы тиіс.

3. Жүргізушілердің еңбек және демалыс режимі

9. Автокөлік құралын басқарудың күнделікті ұзақтығы 9 сағаттан аспауы тиіс . Ол кез келген аптаның ішінде 10 сағатқа дейін екі рет көбейтілуі мүмкін (1-қосымша) .

10. Автокөлік құралын басқарудың жалпы ұзақтығы кез келген екі аптаның ішінде 90 сағаттан аспауы тиіс .

11. Автокөлік құралын үздіксіз төрт жарым сағат басқарғаннан кейін, егер демалыс уақыты келмесе, жүргізуші 45 минуттан артық үзіліс жасауы тиіс.

12. Бұл үзіліс қосындысы 45 минут болатындей етіп кезеңнің ішінде үлестірілген, әр қайсысының ұзақтығы 15 минуттан кем емес үзіліспен аудастырылуы мүмкін .

13. Осы үзілістердің ішінде жүргізуші басқа ешқандай жұмыс істемеуі тиіс.

14. Үзілістер күнделікті демалыс кезеңдері ретінде қаралмайды.

15. Әрбір 24 сағат ішінде жүргізуші ұзақтығы 11 сағаттан кем емес күнделікті демалысқа ие болуы тиіс. Келесі аптаның соңына дейін оған өтем ретінде демалыс берілетін жағдайда, бұл демалыс бір аптаның ішінде 9 сағатқа дейін үш рет қысқартылуы мүмкін. Демалыс ұзақтығы қысқартылмаған күндері, ол 24 сағат ішінде екі немесе үш жеке кезеңге бөлінуі мүмкін, бұл жағдайда бөліктердің біреуі қатарынан 8 сағаттан кем болмау тиіс.

16. Егер әрбір 30 сағат ішінде автокөлік құралын ең кемінде екі жүргізуші басқарса, онда әрбір жүргізуші ұзақтығы қатарынан 8 сағаттан кем емес демалысқа ие болуы тиіс .

17. Күнделікті демалыс кезеңі, егер автокөлік құралында жататын орын және автокөлік құралы тұрақта тұрған жағдайда пайдаланылады.

18. Жүктөр мен жолаушыларды халықаралық тасымалдауда жүргізуші бағыт

учаскесінде паромда немесе темір жолмен тасымалданатын автокөлік құралын жолдап отырса, оның күнделікті демалысы бір реттен артық үзілуге тиісті емес.

19. Эрбір жұмыс аптасының ішінде жүргізуші ұзақтығы 45 сағат болатын апталық демалысқа ие болуы тиіс. Егер демалыс автокөлік құралының не жүргізушінің жазылған жерінде қолданылса, ол 36 сағатқа дейін қысқартылуы мүмкін, егер ол басқа жерде қолданылса, 24 сағатқа дейін қысқартылуы мүмкін. Демалыс ұзақтығының кез келген қысқартылуы үш аптаның ішінде тиісінше уақыт беру арқылы өтелуі тиіс.

20. Егер басқару жалпы ұзақтығы басқарудың алты күнделікті кезеңіне сәйкес болған жағдайда, апталық демалыс автокөлік құралын басқарудың алты күнделікті кезеңінен кейінгі алтыншы күннің соңына дейін кейінге қалдырылуы мүмкін.

21. Реттелген желілерден басқа, халықаралық жолаушы тасымалдарында автокөлік құралдарын басқарудың он екі күнделікті кезеңінен кейін тиісінше он екінші күннің соңына дейін апталық демалыс кейінге қалдырылуы мүмкін.

22. Күнделікті және апталық демалысты қысқартқаны үшін өтем ретінде пайдаланылатын кез келген демалыс ұзақтығы 8 сағаттан кем емес басқа демалыс кезеңіне қосылуы тиіс және автокөлік құралының тұрақтағы орны немесе жүргізушінің жазылған жерінде жүргізушінің сұрауы бойынша берілуі мүмкін.

23. Жол жүру қауіпсіздігіне қауіп төндірмеу және қолайлы тұрақ орнына қол жеткізу үшін, жүргізуші автокөлік құралында орналасқан адамдардың, автокөлік құралының немесе онда орналасқан жүктің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін, қажетті мөлшерде ЕКК-нің ережелерінен аластауы мүмкін. Жүргізуші ережелерден аластаудың сипаты мен себептерін тіркеу парактары мен диаграммы дискіде көрсетуі тиіс.

4. Тахографтарды орнату мен пайдалануға қойылатын талаптар

24. Көлік құралдарында тахографтарды орнату осы бақылау құрылғыларын орнату жөніндегі талаптарды реттейтін нормативті құжаттарға сәйкес жасалады.

25. Тахограф, жүргізуші өз орнынан спидометр, жол есептегіш пен сағаттың көрсетулеріне бақылау жасай алатындей етіп автокөлік құралында орнатылуы тиіс. Тахограф, жетекші элементтермен қоса, кездейсоқ сынудан қорғалуы тиіс.

26. Тахограф, орнату кезінде тексерілгеннен кейін, автокөлік құралында құрылғының жанында немесе құрылғының өзінде орнатылғаны туралы тақтайша орнатылуы тиіс. Құрылғының мәліметтерін өзгерту қажет болған жағдайда, әрбір тексеруден кейін, бұрынғы тақтайшаның орнына жаңа тақтайша орнатылады.

27. Эрбір тахограф заңнамада белгіленген тәртіппен тексеруге жатады. Тексерудің нәтижесі ретінде тахографтың қолдануға жарамдылығы не

жарамсыздығы болып табылады. Тахографты тексерудің оң нәтижесі оның тексеруден өткені туралы күелік немесе тексеру белгісімен күеландырылады. Тахографты тексеру туралы күелік белгіленген мерзім ішінде сақталып, бақылау органдарының талабы бойынша ұсынылады.

28. Тахографтарды тексеру өндірістен шыққан кезде немесе жөндеу, импорт ретінде әкелінген және пайдалану барысында жүзеге асырылады. Тахографтарды тексеруге ұсыну заңнамамен белгіленген ретпен жүзеге асырылады.

29. Автокөлік құралдарында орнатылған тахографтарды мерзімді тексерулер екі жылдың ішінде бір реттен кем емес жасалуы тиіс. Олар көлік құралдарының техникалық байқауымен бірге өткізілуі мүмкін және келесі тексерулерді қосады:

- 1) бақылау құрылғысы жұмысының дұрыстығы;
- 2) бақылау құрылғысында тұрпатының ресми бекітілу таңбасының бар болуы ;
- 3) орнатылу немесе тексеру туралы тақтайшаның бар болуы;
- 4) доңғалақтардың тиімді шеңберінің нақты мәні;
- 5) бақылау құрылғысы мен басқа да бөліктердегі пломбысының тұтастығы.

30. Пайдалану барысында тахографтардың өлшейтін нақты параметрлердің ең үлкен рұқсат етілген параметрлерден ауытқуын тексеру мақсатындағы инспекция жылына бір реттен кем емес өткізілуге тиісті. Бұл сынақ кезінде орнату мәліметтері бар тақтайшалардың ауыстырылуы жасалуы тиіс.

Ескерту: 30-тармақ өзгертілді - ҚР Көлік және коммуникациялар министрінің 2002 жылғы 16 қыркүйектегі N 308-I бұйрығымен .

31. Диаграмды дискілер (2-қосымша) бақылау құрылғысының қалыпты жұмысын қынданатпайтын, ал онда жиналған жазбалар өшірілмейтін және жеңіл оқылатында болуға тиісті.

32. Диаграмды дискілер өзінің көлемі мен оған түсірілген жазбаларды дымқылдық пен температураның қалыпты жағдайларында бір жылдан кем емес уақыт ішінде сақтауға тиіс.

33. Жұмыс күнінің басында әрбір жүргізуі алдын-ала диаграмды дискінің орта бөлігіне қолмен келесіні жазуға тиісті:

- 1) * - фамилиясы, аты-жөні;
- 2) * - жөнелту пунктісі;
- 3) Dat. - дискіні орнату датасы (сызықтың үстінде);
- 4) NO - автокөлік құралының тіркелу нөмірі;
- 5) * - жорықты есептегіштің бастапқы көрсеткіші;

Тәуліктік жұмысты аяқтағаннан кейін диаграмды дискіні бақылау

- құрылғысынан алып келесі жазбалармен толықтыру керек.
- 6) * - келу пунктісі;
 - 7) Dat. - дискіні алу датасы (сызықтың астында);
 - 8) * - жорықты есептегіштің соңғы көрсеткіші;
 - 9) NO - жол жүру кезіндегі жорықты есептей.

*РҚАО-ның ескертуі: * Бейне белгілерді қағаздағы мәтіннен қарауындызы сұраймыз.*

34. Бір жұмыс күні ішіндегі автомобильді ауыстыру кезінде диаграмды дискінің сыртқы жағының орта бөлігі қолмен толтырылады:

- 1) * - автомобильді ауыстыру уақыты;
- 2) NO - жаңа автомобильдің тіркеу нөмірі;
- 3) * - жорықты есептегіштің бастапқы көрсеткіші;

Осылай толтырылған диаграммы дискі басқа автомобильдің бақылау құрылғысына көшіріледі. Жорық аяқталған соң дискіні келесі жазумен толтыру

көрек:

- 4) * - жорықты есептегіштің соңғы көрсеткіші;
- 5) КМ - жол жүру кезіндегі жорық.

Жалпы қосқанда дискі үш автомобильге дейін ауыстыру туралы жазуды қамтамасыз етеді.

*РҚАО-ның ескертуі: * Бейне белгілерді қағаздағы мәтіннен қарауындызы сұраймыз.*

35. Нысанына тәуелсіз дискілердегі жазбалардың ең төмен мүмкін ұзақтығы 24 сағат болуға тиіс.

5. Тахографтарды қолдану кезіндегі жүргізушілердің міндеттері

36. Автокөлік құралдарының жүргізушілері:

1) тахографтардың дұрыс пайдалануын, оның уақытылы қосылуын және тахографтың тұтқаларының жұмыстың сәйкесінше режимдеріне ауыстырылуын қамтамасыз етуге;

2) диаграмды дискілердің уақытылы орнатылуын, ауыстырылуын және тиісті толтырылуын, сондай-ақ оның сақталуын қамтамасыз етуге тиісті. Лас немесе зақымдалған диаграммы дискілерді пайдалануға жарамайды. Бұған қатысты

диаграмды дискілер сенімді сақталуға тиісті. Жазбалары бар диаграмды дискінің зақымдалуы болған жағдайда жүргізуші зақымдалған дискіні оны ауыстыру үшін пайдаланылатын қосымша дискіге қосуға тиісті;

3) диаграмды дискіні оны қабылданап алған күннен бастап жүргізуші автокөлік құралын басқарған әр күн сайын пайдалануға;

4) тахограф істен шыққан кезде, еңбек және демалыс режимінің жазбасын диаграмды дискінің сыртқы жағында оған түсірілген графикалық белгілерді пайдалана отырып жүргізу керек және қысқа уақытта ақауларды жою шараларын қабылдау керек. Жүргізуші автокөлік құралынан тысқары болып, бақылау құрылғысын пайдалана алмаса, олар өздерінің диаграмды дискілеріне іс-әрекеттері мен демалысы турага мәліметтерді қолмен енгізуге тиісті;

5) көліктік бақылау жүргізу өкілеттігіне ие мемлекеттік органдардың қызметкерлеріне ағымды апта мен алдыңғы аптаның соңғы күнінің толтырылған диаграмды дискілерін, өлшеу құралдарының түрпатын бекіту турага сертификат, сондай-ақ тахографтың тексерістен өткені турага куәлікті ұсынуға міндетті.

6. Тахографты пайдалана отырып автомобиль көлігімен тасымалдарды жүзеге асыратын тасымалдаушылардың міндеттері

37. Тасымалдауышы:

1) пайдалану ұзақтығы мен бүліну немесе бақылау органдары алған қойған жағдайда ауыстыру мүмкіндігін ескере отырып, автокөлік құралдары жабдықталған тахографтарда пайдалану үшін жарамды белгіленген ұлгідегі диаграмды дискілердің қажетті мөлшерін жүргізушілерге беруі;

2) әрбір жүргізушінің толтырылған диаграмды дискілерін соңғы жазбадан соң 12 айдан кем емес мерзім ішінде, ал тахографтарды тексеру турага куәліктерді - оларды берген мерзімнен бастап 3 жыл ішінде сактауға;

3) қолдарында бар толтырылған диаграмды дискілерді пайдалана отырып, жүргізушілердің автокөлік құралдарын басқарудың уақыт нормаларын, басқа жұмыс пен демалыс кезеңдерін қадағалауды үнемі бақылау, диаграмды дискілердегі мәліметтерді талдау және, бұзушылықтарды анықтаған жағдайда, оларды жою шараларын қабылдауға;

4) осы тармақтың 2-тармақшасында көрсетілген құжаттарды көліктік бақылау жүргізу өкілеттігіне ие мемлекеттік органдардың қызметкерлеріне ұсынуға міндетті.

7. Тахографты пайдалануды бақылау

38. Бақылауға жататындар:

1) тахографтардың бар болуы, дұрыстығы мен 7, 8 тармақтарға сәйкестігі, сондай-ақ жүргізушінің осы Ереженің 36-тармағында көрсетілген, оны пайдалану шарттарын қадағалау;

2) жүргізуші автокөлік құралын басқарған ағымдағы апта мен алдыңғы аптаның соңғы күні бойынша диаграмды дискілерге толтырылған жазбалар қозғалыстың жылдамдық режимдерін, еңбек және демалыс режимдерін қадағалау;

3) тахографтағы белгінің бедерлемесінің жағдайы, ауыстыру параметрлері тақтайшасының бар болуы.

39. Халықаралық автамобиль тасымалдарын жүзеге асыратын автокөлік құралдары жүргізушлерінің ЕКК-нің талаптарын, сондай-ақ осы Ережені бұзушылықтарын анықтаған кезде көліктік бақылау жүргізу өкілеттігіне ие мемлекеттік органдардың қызметкерлері Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес шаралар қолданады.

8. Тахографтарды пайдалану ережелерін бұзғаны үшін жүргізушілер мен тасымалдаушылардың жауапкершілігі

40. Жүргізушілер мен тасымалдаушылар тахографтарды пайдалану ережелерін бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамаларымен сәйкес жауап тартады.

Қазақстан	Республикасында
халықаралық	автомобиль
тасымалдарын	жүзеге асыру
кезінде	тахографтарды
Ережелеріне	қолдану
1-қосымша	
ЕКК-мен	реттелген жүргізушілердің
еңбек	және демалыс режімдерінің
кестесі	

*

Жүргізу. Режим үздіксіз үзіліс. Тәулік Апта Күнде. Апталық шілердің басқару. тің ең ішінде. ішін. лікті демалыс саны дың ең төмен гі бас. дегі дема. тың ең жоғарғы уақыты қарудың бас. лыстың төмен уақыты ең жо. қару. ең тө. уақыты фарғы дың мен уа. уақыты ең жо. қыты фарғы уақы. Т ы

(Ескерту: Бейне таңбаларын қағаздағы мәтіннен қараңыз.)

1 жүргі.	Норма.	4,5	45	9	Кез
зуші	сы	сағат	минут	сағат	келген
				екі апта	11 45
		15	iшіндегі сағат сағат		
		минут.	аптасына 90 сағат		
	тан	2 күн		**	**
	кем	10	- аптасы.	-	
	емес	сағаттан	на 3 күн шоғыр		
	интер.		9 сағат.	ланды	
	вал.		тан;	ру же	
	дарға		- біреуі рінде		
	бөлу		8 сағат.	36 сағ	
			тан кем	- кез	
			емес	келген	
			болатын басқа		
	2 немесе	жерде	2	немесе жерде	
	3 интер.	24 сағ	3	интер.	24 сағ
			валмен		
			12 сағат.		
			т а н		

2 жүргі.	осын.	осын.	осындай	90 сағат	30 сағат	осын
зуші	дай	дай			дай жұмыс	
					iшінде	
					эрбір	
					жүргіз.	
					ушіүз.	
					діксіз	
					8 сағат.	
					т а н	
					кем емес	
					демалыс.	
					қаие	
					б о л уғ а	
					т и і сті	

* автомобильдің кабинасындағы жататын орынды демалыс үшін пайдалану тек тұрақта болған жағдайдағанда рұқсат етіледі.

** демалыс ұзақтығының нормадан қысқаруы апта соңында көбеюімен өтеделді.

Қазақстан Республикасында
халықаралық автомобиль
тасымалдарын жүзеге асыру кезінде
таксографтарды қолдану Ережелеріне
2-қосымша

Диаграмды дискі

РҚАО-ның ескертуі: Диаграмды дискінің схемасын қағаздағы мәтіннен қарауынызды сұраймыз.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК